

Сабақтың тақырыбы:

**§25. ЖАПОНИЯДАҒЫ
ФЕОДАЛДЫҚ
ҚҰРЫЛЫС**

Сабақтың мақсаты:

- **Оқушыларға Азияның Қиыр Шығысындағы «Күншығыс елі» деп аталатын Жапония туралы толық түсінік беру барысында феодалдық қоғамның пайда болуына тоқталып, оның ерекшелігіне баса назар аударылады.**

Жапонияда XI – XIII ғасырларда феодалдық қоғам

қалыптасты:

- Жер иеліктері **сеэн** деп аталды;
- Жапониядағы ең ірі феодал **дайме** деген;
- Ірі және орташа феодалдардың жер иеліктерінде қызмет атқарған, ол бағынышты әскери адамдар **самурайлар** деп аталды.

VII ғасырдан бастап Жапонияда орталық императорлық билік орнады

- ✓ **Ең жоғарғы билік және барлық жер иелігі **микадоның** қолында болды**



XI – XIII ғасырлар

аралығында императорлар билігі әлсіреп,

жаңа әлеметтік топ

сегундар

билігі күшейеді

- **Ел астанасы Киото қаласы болды;**
- **Солтүстік жапон феодалы Минамото елде сегундар билігін орнатты;**
- **Сегун мемлекеттің бірінші министрі саналды;**
- **1192 жылдан бастап, император тек діни басшы ретінде ғана қалды;**
- **Минамото жасақшылары алған жерлерді өзарабөліске салып, кейін олардың көбі ірі феодалдар даймеларға айналды.**



Минамото Еритомо бірінші сегун

Үстемдік етуші феодалдар табы

«әскери-поместьелік»

жер иелері

(буси, самурай)

**елдің негізгі жер бөлігін қолында ұстап,
өздерінің мемлекеттік басқару әкімшілігін
құрды.**

**1199 жылы Минамото өлген соң Ходзе
Токимаса үкіметінің билігі орнап:**

- Жапонияда әскери-феодалдық мемлекет құрды;**
- Шаруаларды қанау бұрынғыдан да арта түсіп, ел ішіне салықтың жаңа түрін енгізді.**

1428 жылы

**ел астанасы Киото маңында ірі шаруалар
көтерілісі болды:**

- **Қарыздарды жоюды талап етті;**
- **Өсімқорларға қарсы шықты;**
- **“Самурайлар жойылсын!” ұранымен өтті**

1441 жылы
кедейленген самурайлар
рониндер
қолдаған,
Ямасиро бастаған көтеріліс
жеңіске жетіп,
7 жыл
өмір сүрді:

- **36 адамнан тұратын халық жиналысы** ұйымдастырылып, заңдар шығарылды;
- **Шіркеу қызметшілерінің салығын ұлғайтты**

XVI ғасырға

дейін шаруалар көтерілісі жалғасты:

- **1532 жылы Киото, Харима, Исэ, Тайба қалаларында көтерілістер болып, сегундардың билігі әлсіреді. Осы жағдай ел ішінде бытыраңқылықты үдетіп, бірнеше князьдіктерге бөлініп кетті.**

XVI ғасырдың соңына
қарай Жапонияда капитализмнің алғашқы белгісі
сауда буржуазиясы
орнады.

1568-1582 жылдары
елді біріктіру ісін феодал
Ода Нобунага
жүргізіп, ел орталығы
Хонсюды
өзіне бағындырды:

- **1573 жылы Асикага әулетінің ең соңғы сегунын биліктен кетірді;**
- **Ода Нобунага 1580 жылға дейін ең бай қала Сакаиды бағындырып елдің жартысын біріктірді**



Óда Нобунáга – Жапонияның әскери-саяси көсемі, жапон тарихындағы ең көрнекті самурайлардың бірі, барлық ғұмырын елді біріктіруге арнады.

**Елді біріктіру ісін оның досы
Тоетоми Хидэеси (1583-1598 ж.ж.)
жалғастырып, заңдар қабылдады.
Ол өз басшылығымен:**

- **Кореяға 2 рет жорық ұйымдастырған.**
- **Тоётоми Хидэёси – жапондық әскери және саяси қайраткер, Жапонияны біріктіруші. 1536 жылы Овари провинциясында кедей отбасында дүниеге келген.**



**1598 жылы Тоетоми Хидэеси
өлгеннен кейін Жапонияны біріктірумен
Токугава (1598-1616 жылдары)
жалғасытырып:**

- **1603 жылы біріктіруін аяқтап, сегун атағына ие болды.**



**Токугава әулеті 265 жыл
билік жүргізіп, Жапониядағы Токугава
билігі**

**1867-1869 жылдардағы
буржуазиялық революция ғана
әулеттің билігін тоқтатты.**

- Жапония қолөнершілері ертеден киім-кешек тігуге пайдаланған материал **жібек матасы** болды.
- Бүгінгі күнге дейін әлемге әйгілі жапон бұйымы **семсер** болып, **1483 жылы** шет елдерге **67 мың семсер** сатылған.
- Жапонияның **өзін-өзі оқшаулау саясаты** халықтың ұлттық ерекшелігін сақтап қалды.

Тапсырма №1

Кілттік сөзді тап.

- 1. Жер иелік -**
- 2. Ең ірі феодал -**
- 3. Ең жоғарғы билік иесі -**
- 4. Әскери топ -**
- 5. Жаңа әлеуметтік топ -**

Тапсырма №1. Жауабы.

- 1. Жер иелік - СЁЭН**
- 2. Ең ірі феодал - ДАЙМЁ**
- 3. Ең жоғарғы билік иесі - МИКАДО**
- 4. Әскери топ - САМУРАЙ**
- 5. Жаңа әлеуметтік топ - СЕГУН**

Тапсырма №2

Ел билеген жылдары

1. Ода Нобунага

2. Тоётоми Хидзёси

3. Токугава

Тапсырма №2. Жауабы.

- 1. Ода Нобунага 1568-1582ж**
- 2. Тоётоми Хидэёси 1583-1598ж**
- 3. Токугава 1598-1616ж**

Тапсырма №3

Анаграмманы шеш.

1. ДИКОМА-
2. УНГЕС-
3. РУАЙСАМ -
4. ЁНСЕ -
5. МЙДАЁ -
6. ИНРОНДЕР -

Тапсырма №3. Жауабы.

- 1. ДИКОМА - МИКАДО**
- 2. УНГЕС- СЕГУН**
- 3. РУАЙСАМ - САМУРАЙ**
- 4. ЁНСЕ - СЁЭН**
- 5. МЙДАЁ- ДАЙМЁ**
- 6. ИНРОНДЕР - РОНИНДЕР**

Тапсырма №4

Географиялық орнын анықта

- 1. Сегундар қай қалада өз үстемділігін орнатады?**
- 2. Шаруалар көтерілісі қай жерде жеңіске жетті?**
- 3. Ода Нобунаға қай жерді бағындырды?**
- 4. Жапония қай елдермен сауда жасады?**
- 5. Эдо қаласы қай аралда орналасқан?**

Тапсырма №4. Жауабы

- 1. Сегундар қай қалада өз үстемділігін орнатады? (Киото)**
- 2. Шаруалар көтерілісі қай жерде жеңіске жетті? (Ямсиро)**
- 3. Ода Нобунаға қай жерді бағындырды? (Сакаи)**
- 4. Жапония қай елдермен сауда жасады? (Корея, Қытай, Филиппин аралы)**
- 5. Эдо қаласы қай аралда орналасқан? (Хонсю аралы)**

Тапсырма №5

Сәйкестендір

- 1) 1532ж. А) Киото қаласының маңында ірі шаруалар көтерілісі болды
- 2) 1199ж. Ә) Корея еліне екі рет жорық ұйымдастырды
- 3) 1428ж. Б) Шетелге 67 мың семсер сатылған
- 4) 1592ж. В) Киото, Хирима, Исэ, Тайба қалаларында кедейлер көтерілісі болды
- 5) 1483ж. Г) Үкімет билігін Ходзе Токимаса иеленді

Тапсырма №5. Жауабы

- 1) 1532ж. А) Киото қаласының маңында ірі шаруалар көтерілісі болды
- 2) 1199ж. Ә) Корея еліне екі рет жорық ұйымдастырды
- 3) 1428ж. Б) Шетелге 67 мың семсер сатылған
- 4) 1592ж. В) Киото, Хирима, Исэ, Тайба қалаларында кедейлер көтерілісі болды
- 5) 1483ж. Г) Үкімет билігін Ходзе Токимаса иеленді

1В; 2Г; 3А; 4Ә; 5Б

Тапсырма №6

“Тұлғаны танып-біл”

1. Аз ғана уақыттың ішінде ол орталық Хонсю аралы жеріне өзіне бағындырады. (Ода Нобунаға)
2. Ол шаруаларды жерге бекітетін, бас ауған жаққа кетуіне тыйым салатын заңдар шығарды. (Тоётоми Хидзэёси)
3. Ол елді біріктіруді аяқтап сегун деген атақ алды. (Токугава)
4. Ол самурайдың күшімен император әскерін жеңіп шығады. (Минамото)

Тапсырма №6. Жауабы.

1. Аз ғана уақыттың ішінде ол орталық Хонсю аралы жеріне өзіне бағындырады.

(Ода Нобунага)

2. Ол шаруаларды жерге бекітетін, бас ауған жаққа кетуіне тыйым салатын заңдар шығарды.

(Тоётоми Хидэёси)

3. Ол елді біріктіруді аяқтап сегун деген атақ алды.

(Токугава)

4. Ол самурайдың күшімен император әскерін жеңіп шығады.

(Минамото)

БАҒАЛАУ

“5” – 24 – 28 ұпай

“4” – 17 – 23 ұпай

“3” – 4 – 16 ұпай

“2” – 1 – 3 ұпай

Үйге тапсырма:

15 қаңтар 2014 жылы

**§26. Орта ғасырлардағы Қытай
мемлекеті**

(115 – 118 беттер)

**§27. Орта ғасырлардағы Қытайдың
мәдениеті мен өнері**

(118 – 120 беттер)